

Оқушыларды отансүйгіштікке баулу жолдарын зерттеу үлгісі.



Жұмыс орны:Төлеби ауданы Мәдени жалпы орта білім беретін мектебі.
Жұмыс өтілі - 26жыл.**Атқаратын лауазымы бойынша:** Алғашқы Әскери даярлық пәні мұғалімі бойынша -21 жыл.

Бүгінгі қоғамда оқушыларды жан-жақты патриоттылыққа тәрбиелеуге арналған міндет-мақсат ауқымды. Ал нәтижесінде шамалы педагогикалық тәжірибе қалыптасты. Ол тәжірибелердің негізгі жүйесі халық педагогикасының асыл мұраларына негізделгенімен, іс жүзінде ұлттық тәлім- тәрбие құндылықтарының өз мүмкіндігінен төмен жағдайда қолданылатын шектеулі әдістемелерге сүйенгендіктен, көп жағдайда теріс пікір қалыптастыратын бұрмалаушылыққа итермелейтін жағымсыз жайттарға соқтыруда. Біз соңғы жеті жыл ішінде аталмыш мәселелер төңірегінде зерттеулер жүргізу барысында оқушыларға халықтық тәрбие беруде ежелден қолданып келе жатқан асыл мұраларымыздың бірі - бесік жыры, мақал- мәтелдер, жұмбақтар, тұсау кесу, ат қою, халық әндері мен күйлері, ұлттық ойындар жөнінде мағлұматтар тым мардымсыз екенін байқадық.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері балалардың, жасөспірімдер мен жеткіншектердің оқу-тәрбие ісіне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Осы оқу-тәрбие ісінің әлі де болса назар аударып, жете қарауды қажет ететін салаларының бірі - отансүйгіштік тәрбие. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасы - көп ұлтты, іргелі ел. Сондықтан Қазақстан Республикасындағы көп ұлтты халықтардың отансүйгіштік этностық ерекшеліктерін қамти отырып, олардың барлығына ел мен мемлекет тәуелсіздігіне игі үрдісін тигізетін, оның болашақ дамуына үлес қосатын Қазақстандық идеологияның алғы шарттарын түзеу қажет. Әрине осы орайда азшылық ұлттардың да отансүйгіштік тәрбиеге мүдделігі ескерілуі тиіс.

Мәселен, бастапқы әскери дайындықтың озық дәстүрлерінің бірі, күшті тәрбие құралы, мақал-мәтелдермен қанатты сөздердің ең қомақтысы батырлық пен батылдыққа арналған. «Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң жауыңа найзаң тисін», «Батыл болмай - батыр болмайсың», «Батыр төсінде жау көреді, балықшы төсінде ау көреді», «Батырға таяқта - жарак», «Батыр мың қол бастайды, шешен тар жерде сөз бастайды», «Шын батыр сын үстінде танылар» т.б.

Сондай-ақ халыққа деген ұлтжандылық мәселесі, Отанға деген отансүйгіштік сезім күллі түркі халықтарына жоғарырақ, соның ішінде халқының да тәлімдік


пікірлерінің түп төркіні болып саналар. Сонау Орхон жазба ескерткіштері, Қорқыт ата кітабынан бастап, орта ғасырлық ойшылдардың еңбектерінің, акын - жыраулардың поэзиясының Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатовтай халық ұлдарының шығармаларының өзегі болғандығын байқадық.

Біз болашақ ұрпақты жылы жүрек, ізгі сезімге, адамгершілікке жетелейтін халқымыздың ғасырлар бойы жинаған мол тәлім-тәрбиесінің тәрбиелік мүмкіндіктерін ашуға тырысамыз. Адам меңгерген әлеуметтік және ұлттық құндылықтар рухани мықтылықтың, батылдық пен ерлікті көзі болып табылады. Отан алдындағы парызды орындау жолындағы қиындықтарды жеңуге жәрдемдесетін қасиеттер мен ерекшеліктерге айналды.

Рухани-адамгершілік құндылықтардың қалыптасуының түп негізі мен қозғаушы күшінің себебін анықтау - мектеп тәрбиесінің өзекті мәселесі. Олай болса, бүгінгі мектептерде жүргізілетін тәрбиенің негізгі мақсаты да оқушылардың ұлттық ерекшеліктеріне қарай құндылықтар маңызын санасына сіңіріп, осыған байланысты тәрбие түрлерін анықтау. Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі ізгілікті, ақылды, адамгершілік, парасаттылықтың міндеттерін ажырата біліп өзіне тандау жасауы. Яғни рухани-адамгершілік құндылық - адамдық қасиетінің өлшемі - оның жақсылыққа талпынуы, өзге адамға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымды, өмір сүруге ұмтылысы, өмір сүру мәселелері жайында іздену, өзін-өзі танып сол арқылы дүниені-әлемді тануы.

Құндылықтың өзегі - адам тәрбиесі. Адам өзі өмір сүріп отырған жерінде халықтың ұлттық құндылықтарын білуі шарт. Ұлттық құндылық дегеніміз - белгілі халыққа тән мінез-құлық, дүние - таным, рухани жан дүниесінің ерекше жанып тұрған өзегі.

Қазақстан Халықтары Ассамблеясы республикада отаншылдық пен отансүйгіштікті қалыптастыру мақсатындағы әулетті күш дейтін болсақ, ол саяси, миссияны жүзеге асырылуы үшін жастардың патриоттылығын арттыру үшін газет журналдар шығып, теле хабарлар ашылып тұрақты беріліп тұрса. Отансүйгіштік мәселесі шоғырының оң шешімі болар еді. Сонымен қатар жастарда Қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыру мәселесінде оң ықпалын туғызар еді деп ойлаймыз. Осындай шараларды қолға алмасақ Қазақстандық отансүйгіштіктің қозғаушы күші болып табылатын зандар өзінен өзі жүзеге аспайды. Сондықтан да үкімет тарапынан арнайы бағдарламалар қабылдануы тиіс. Олар мерзімді баспасөздерде толығымен жарияланып, сол қабылданған бағдарламалардың жүзеге асуы қалай деген мәселе басылым беттерінен көрініс табуы керек. Қазақстандық отансүйгіштік қалыптастырудағы оң шешім болар еді. Біздің көзқарасымызша мұндай Қазақстан «шынайы отансүйгіштік» түсінігі мәнін ашып көрсеткендей болуы керек. Бұл жерде ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін бүкіл әлемдегі достықта емес, одан жоғарғы қарау позициясынан анық байқалады. Жоғарғыдағы айтылғанды ескере отырып, мынаны атап өткіміз келеді: біз өз зерттеуімізде біз ұлы державалық отансүйгіштік идеясын үгіттеушілердің позицияларын мақұлдаймыз. Қазақстандық отансүйгіштікті еліміздің әрбір азаматтарының санасына сіңіру кезек күттірмейтін мәселе. Жалпы халықтық отансүйгіштік, халықтық модернизация процесінде белсенді араласуы секілді интегративті Қазақстандық отансүйгіштік көрінеді (1-сурет).



І-сурет – Қазақстандық отансүйгіштіктің мәні

Отансүйгіштік дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік, әрбір азаматтың мемлекет алдындағы борышын жанқиярлықпен орындау.

Ал Қазақстандық отансүйгіштік - Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады, дей келе, Қазақстанның патриоты қандай болу керек екенін белгілесек, онда оның ерекшеліктері мынада:

1. Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады, көп ұлтты мемлекет. Барлығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарайды, шын ниетімен қадірлейді. Қазақстан азаматының Конституциялық құқығын сақтайды. Әрбір ұлттың Қазақстанды ортақ үйіміз деп санай білуі.
2. Қазақстанда тұратын барлық халықтар ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болу. Қазақстан халықтары Ассамблеясында қабылданған барлық шешімдердің іске асуына өз септігін тигізуі.
3. Бұл әрбір азаматтың тек өзінің конституциялық борышын өтеуі ғана емес, сонымен бірге оның тұлғалық сапаларының қалыптасуы.
4. Қазақстан халықтарын ұлы державалық отансүйгіштік сезімге ұмтылдыру мақсатында Қазақстандық ғажайыпқа сендіру, оны мақтаныш ету.
5. Қазақстан Республикасының азаматының Отанын қорғауға деген оң көзқарасын қалыптастырып, Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық отансүйгіштік мақтаныш сезімін тудыру.
6. Қазақстан Республиканың әскери доктринасына сай Қазақстан халқының мүддесін көздеуде отансүйгіштік сезімдерін ояту.

Сонымен бірге, ұлттық отансүйгіштіктің негізгі құндылықтарына «Отан», «атамекен», «ел жұрт», «азаматтық борыш», «ар-намыс», «адалдық пен әділдік», «азаматтық парыз», «қанағатшылық пен жомарттықты» жатқызамыз. Сөйтіп оны қадірлеп, құрметтеуге тәрбиелеу деп белгілейміз. Демек атамекен дәстүрлі дала қоғамының қоныс тепкен кеңестігі, жұртының тіршілік кеңестігі, өмір сүру ортасы, жер, Отан, атамекен мен ел - егіз ұғым, Отан адамның бойында отансүйгіштік сезімді туғызудың қажетті шарты деп ой қорытамыз. Отансүйгіштік сезімді күшейтуге негіз болатын «азаматтық борыш, азаматтық парыз» болып, бұның да келіп шығу тегі - сүйіспеншілік, халқына, жеріне құрмет пен борыш. Ал борыш дегеніміз адамға міндеттер ретінде берілетін және оларды мүлтіксіз орындау оның ішкі кісілік қажеттілігі болып табылатын, қоғам, ел-жұрт тарапынан талаптар мен іс-әрекеттердің жиынтығы екенін айқындаған. Борыштылық - әр адамның өзіне жүктелген істі орындауға жауапкершілігін түсініп мойындауы. Осыдан барып ар-намыс келіп шығады. Ғалымдардың пікіріне қосыла отырып, біз борыш ұғымының субъективтік сипаты қойылған талаптар мен жүктелген үмітті, қызметті, міндетті жете түсіну, оны атқаруға рухани әзірлігі мен мәдениетіне байланысты деп анықтап отырмыз.

Отансүйгіштік сезімге - келтірілген киелі ұғымдармен байланысты қуаныш, мақтаныш, күйіну, сүйіну секілді т.б. эмоция спектрлеріне қозғау салу, ояту, дамыту, қалыптастыру мәселерін шешуді де көздейді. Отансүйгіштік сезім - жоғарғы сезімдер тобына кіреді деген пікірдеміз. Өйткені ол «қоғамды мәнді және жеке көңіл күйге байланысты моральдық сезімдерге қатысты болып келеді», ол сананың жетілуімен тығыз байланыста дамиды.

Мектепте оқушыларға бастапқы әскери дайындық негізінде отансүйгіштік тәрбие беру ісінің маңызы зор екенін біз өз зерттеулерімізден көріп жүрміз. Өйткені, егеменді ел болған соң сол елдің елдік белгісі ұлттық отансүйгіштік тәрбиесі айқын көрінуі тиіс.


Ұлттық отансүйгіштік тәрбиесі деген термин барлық ұлтқа байланысты айтылатын ұғым. Өйткені қандай ұлт болса да тәрбиесін өз тілінде, ұлттық тәлім-тәрбиелік тәжірибелерге байланысты жүргізеді. Біз оқушыларға бастапқы әскери дайындықта отансүйгіштік тәрбие беруде осы ғылыми негізге сүйеніп, бастапқы әскери дайындықтағы тақырыптарды ұлттық мүмкіншіліктермен байланыстырып отырамыз.

Ұлттық қасиеттеріміздің ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Оқушыларға ұлттық отансүйгіштік тәрбие беру мектептерде кең көлемде жүргізілуі тиіс. Бастапқы әскери дайындық - ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Сондықтан оқушылар ұлттық отансүйгіштікпен сусындасын десек, бастапқы әскери дайындық негізінде отансүйгіштік тәрбие беруді жүйелі талдап, зерттеп мектептерде енгізілуі керек. Ұлттық отансүйгіштікті қалыптастырудың құралы болып саналатын: ұлттық тіл, ұлттық әдеп-тұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, ұлттық тарих, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар, т.б. (2-сурет).

Жалпы, жастардың рухани болмысы мен азаматтық бейнесін қалыптастыруда халық педагогикасының орнын еш нәрсемен алмастыруға болмайды. Өйткені ол - ұлт болуға қалыптасқан елдің ғасырлар бойы елегінен өтіп сұрыпталған даналық жиынтығы. Өйткені ол - ұрпаққа руханилықты, адамгершілікті, имандылықты дарытудың бірден-бір төте жолы. Сондай-ақ - ұлттық тіл мен діл, дамытудың және ұрпақ сабақтастығын ұштастыра жалғастырудың жалғыз құралы. Сондықтан ол - қазіргі кезеңдегі желікпей заманның селдей екпіндеген зиянды жат әдеттерден сақтайтын ең сенімді жолы және ұлтымыздың әлемдік өркениет түрінен лайықты орын алудың қайталанбас қазынасы. Адам әрине кез-келген мәдениеттің жақсы мен жаманын ажырату үшін алдымен ұлттық мәдениеттен қол үзбеу және білім бере отыра тәрбиелеу - басты міндет болуы керек.

Тәрбие ісі тәрбиеленушіге белгілі бір бағытта мақсатты және жүйелі әсер етіп, белгілі бір көзқарас, мінез-құлық, Тәрбие ісі тәрбиеленушіге белгілі бір бағытта мақсатты және жүйелі әсер етіп, белгілі бір көзқарас, мінез-құлық, адамдық тәртіп, дағды мен машық түрінде бірлесе ғана жемісті болмақ.

Бұдан шығатын қорытынды жеке адамды патриоттылыққа тәрбиелеуде оның замандастарының ұлттық-психологиялық ерекшеліктері ғана емес, ғасырлар бұрын өткен алдыңғы ұрпақтардың мұралары, яғни ұлттық педагогикалық құндылықтар да әсер етеді. Ұлттық педагогикалық мұраларды, ғасырлар бұрын өткен алдыңғы ұрпақтардың мұралары, яғни ұлттық педагогикалық құндылықтар да әсер етеді. Ұлттық педагогикалық мұраларды жеке адам белгілі бір қоғамдық жоғарғыда алған тәрбиесіне қарай меңгереді. Оқу-тәрбие бағдарламалары республиканың ұлттық ерекшелігіне, мемлекеттік саясатына сәйкестендіріп жасалуда. Тіл мен әдебиет, тарих, музыка, бейнелеу өнері, еңбек, дене тәрбиесі, әскери дайындық тәрізді пәндер ұлттық тұрғыда негізделуі тиіс.



2-сурет. Ұлттық отансүйгіштіктің мәні

Басқа да пәндер бағдарламалары мен оқулықтарынан ұлттық тәрбиенің лебі есіп тұруы шарт. Ұлттық тәрбиенің ғылыми-теориялық негізін анықтау үшін оның өзіндік ерекшелігін ескеру қажет. Академик Г.Н.Волковтың анықтауы бойынша бұл ерекшеліктерге мыналар жатады: ұлттық тәрбиенің адам баласының дүниеге келген күннен бастап бірге жасасып келуі, қоғамдық құру, қоршаған ортаны, табиғатты өзіне икемдеп игеруде еңбек тәрбиесінің алғашқы адамдар өмірінде басты рөл атқаруы, тәрбиенің басқа түрлерінің тууы, халықтың тәрбие жөніндегі қағидалары өмірлік тәжірибелерде негізделген эмпирикалық білім болып келуі; оның ұлттар мен ұлыстардың жазу мәдениеті шықпай тұрған кезінде пайда болып, халық арасында ауызша тарауы, сондықтан да оны шығарушы авторлардың аты-жөні халық жадында сақталмай, бүкіл халықтық тәжірибелері мен ой-түйіндері сол халықтың ой-тілегімен, арманымен ұштасып келгендіктен озық үлгілерінің сақталып, ал тозығының біртіндеп тәрбие жүйесінен шығып калуы; халық педагогикасы өнерге, еңбекке негізделгендіктен, үнемі жетілуі, ұшталу үстінде болуы; сондай-ақ халық педагогикасының ғылыми жүйеге, теорияларға емес, жеке бас тәрбиесінің үлгілеріне және оның нәтижесіне қарай құрылып, тәрбие тәжірибесінің ғасырлар бойы жалғасып келуі, алғашқы тәрбие түрлерінің қоғамда білінбей, тұтас түрінде берілуі. Ендеше, халықтық тәлім-тәрбие қолданбалы мазмұнға ие болғандықтан, ұлттық тәрбиелік психологиямен теориялық тұрғыда байланысады. Себебі, ол ғылыми теориялар мен ойға негізделген. Осы орайда Елбасының: «Қазақстан - біреулердің тарға тартуы емес, олардың тарихи Отаны» деген сөзі орынды. Олай болса, осы жерді жан-тәнімен сүйетіндер де оны көздің қарашығындай қорғап сақтайтындар да алдымен халқы. Ата-бабаларымыз Алтайдан Атырауға, Ертіс пен Жайыққа дейінгі ұлан-ғайыр жерді талай ғасырлар бойы басқыншы жаудан қорғап бостандық пен тәуелсіздік жолында шыбын жанын пиде еткені белгілі. Сондықтан да біздер халқымыздың қас батырлары Қабанбай мен Бөгенбайды, Исатай мен Махамбетті, Кенесары мен Наурызбайды, Қасым хан мен Абылай ханды қадір тұтып, қастерлейміз, олардың халқы үшін қалтықсыз қызмет еткенін үлгі-өнеге етеміз.

Кез келген ғылым - зерттеу жұмысы дайын тұрған, болмаса бір нәрсені қосып, алып тастаудан туындайтын зат емес. Сондықтан ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін алдын ала жобалау, яғни зерттеу жұмысымыздың орындалу барысындағы әдіс-тәсілдерді іске асыру үшін нәтижелі, практикалық пайдасын болжамдаймыз.

Оқушылардың бойында отансүйгіштікті қалыптастырып дамытуда оқу-тәрбие факторларын анықтауда сыртқы факторлардың ерекшелігін ескере отырып, жеке тұлғаның отансүйгіштігінің қалыптасуының айқындаушы негізгі фактор ретінде оқу-тәрбие саласының әсер етуіне назар аударамыз. Жеке тұлғаның қалыптасу үрдісінде бірден-бір әсерін тигізетін күш қоршаған жоғарғысы, яғни қоғам. Кез келген адам баласы дүниеге келгеннен бастап қоғамдағы болып жатқан құбылыстарды қабылдау арқылы өзінің ойлау қабілеті, санасы, мінез-құлқының және басқа да қасиеттерінің реттелуіне жол береді. Сондықтан да тұлғаның қалыптасуына және дамуына бірден-бір ықпал етуші - қоғам.

Тұлға өзінің көздеген міндетін шешу арқылы қоғамдық мүддені де шешеді. Сол себепті тұлға мен қоғам бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғамда

болып жатқан құбылыстардың барлығы адамдардың қатысуы салдарынан пайда болады. Адамның қалыптасуына қоғам әсері қандай болса, қоғамдағы болатын және болып жатқан құбылыстарға адамның да әсері сондай.

Тұлға - сан кырлы, мазмұны да, табиғаты да күрделі, құпиясы мол әлеуметтік ұғым. Оның жан-жүйесі, сана-сезімінің дамуы айналасы мен қоғамдық өмірге тәуелді. Осындай жағдайда оның дүниетанымы мен сенімі, арманы мен тағылымы, кісілігі қалыптасады. Яғни, белгілі ұлт пен ұлыстың ділінен, салт-дәстүр, жол-жоралғыларынан жеке-дара ұғыну ерекшеліктері қалыптасады.

Ұлтжанды тұлға жұмыр жердің қай бұрышында жүрсе де өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқымен, білімімен өз халқына деген сүйіспеншілік қасиеттерін тайға таңба баскандай айқын байқатып отыруы керек. Ол үшін ата-бабалардың тарихы мен шежіресін біліп, оларды талдап, зерттеп, аталас ағайындардың аты-жөнін жүйелеп, оларды саусақпен санағандай ажырата білуі тиіс. Өз елінің ұлтжанды тұлғасы болғысы келетін жас ұрпақ, алдымен өзінің әкесі мен шешесін, бауырлары мен туған-туыстарын қастерлеп, қадір тұтуы тиіс. Әкешесін сыйламаған, жақын-бауырларын сыйламаған адамнан нағыз ұлтжанды адам шығуы қиын. Мұндай адам есейе келе туған халқы мен ел-жұртын, атамекенін шын көңілімен сүймейтін болады.

Отансүйгіштік тәрбие негізін дамытудың мәні жеке тұлғаның жоғарғы әлеуметтік белсенділігін көрсететін және қалыптастыратын идеялық-адамгершілік, моральдық еріктілік, еңбек және дене сапаларын тәрбиелеудегі ішкі байланыстарды анықтау және саралау болып табылады. Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеуде қоғамымызда аткарылып жатқан шаралардың бәрі олардың белсенділігінің айғағы болып табылады.

Әскери қызметшілердің жағдайын, іс-қимылын қалыптастыруды оқыту әдістемесі

Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті - өз елінің азаматы, отансүйгішін тәрбиелеу болса, осыған сәйкес «Қазақстандық отансүйгіштік мен ұлттық отансүйгіштік» оқушылардың тәрбиелік деңгейін бағалудағы көрсеткіш болып қарастырылады. Мектептерде әскери қызметшілердің жағдайын, іс-қимылын қалыптастыруды тәрбиені бойға дарыта білетін, халық дәстүрлерін біліп, естіп, онымен таныс болып, дәстүр адамгершілік мінез-құлық пен отансүйгіштік қасиет сапаларын, қайырымдылық, инабаттылық, батылдық, қайраттылық, төзімділік, еңбексүйгіштік қасиеттердің қалыптасуына қатысты бағыттарды айқындауда білім мен тәрбие беретін пәндердің бірі бастауыш әскери дайындық пәні. Алайда бастапқы әскери дайындық негізінде оқушыларға әскери қызметшілердің жағдайын, іс-қимылын қалыптастыруды тәрбие саласында болашақ маман ретінде өзінің педагогикалық іс-әрекетінде оларды максатты бағыттылықпен, саналы түрде пайдалануы үшін жүйелі жұмыстар қажет. Осы тұрғыда жаңа ұлттық, отансүйгіштікке, Қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастырудағы оқу-тәрбие жұмыстары жаңа мазмұнға-ұлттық отансүйгіштікке ие болады.

Халқымыздың бастапқы әскери дайындықтағы мүмкіндіктерін оқушыларға «Әскери қызметшілердің жағдайын, іс-қимылын қалыптастыру» атты арнайы сабақтарда теория жүзінде меңгеру олардың білім қорын молайтуға, отансүйгіштік қаһармандық ерлік дәстүрлерінің негізін бүгінгі күнмен байланыстылығын терең түсінуге ықпал етеді.

Оқушылардың бастапқы әскери дайындық негізінде алған білімдері теория жүзінде алған білімдері тереңдетіліп бекітіліп отырады.

Семинар сабақтардағы негізгі міндеттері:

- алғашқы әскери дайындық курсына дағды дәрістік сабақтарда меңгерген білімдерін бекіту, кеңейту, тереңдету;
- педагогикалық әдебиеттермен оқушылардың өздігімен дербес жұмыс істеуі дағдысын қалыптастыру;
- оқушылардың отансүйгіштік ой-өрісін, отансүйгіштік тәрбие жүйесіндегі қабілеттерін дамыту.

Оқушыларға Әскери қызметшілердің жағдайын, іс-қимылын қалыптастыруда тәрбие беру жүйесінде қолданылатын қағидалар сипаты жағынан жалпыға бірдей болуы әрі тәрбие процессінің кез келген деңгейі мен жағдайларында пайдаланылуы қажет. Осы қағидаларды іске асыру отансүйгіштік тәрбие процесінің барлық құрамдас бөліктеріне қойылатын талаптармен қатар «Әскери қызметшілердің жағдайын, іс-қимылын қалыптастыру» арнайы курсының және оны оқытудың әдістемесіне, жеке басының ерекшеліктеріне сүйінеді. Оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беру жүйесінде тәрбие түрлерінің маңыздылығына қарай тәрбие түрлерінің барлық процессінде қолдануға болады. Оқушыларға берілетін отансүйгіштік тәрбие түрлі оқыту саласында болашақ мамандар даярлаудың білімдік-кәсіптік бағдарламалардың негізгі міндеттерін қамтиды.

Мамандық бойынша отансүйгіштік тәрбиемен қатар сабақтас тәрбие түрлерін қатыстыру арқылы бұл әскери қызметшілердің жағдайын, іс-қимылын қалыптастыруда тәрбиеге терең теориялық білімнің және ойлау мен кәсіптік бағыт-бағдардың қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Мұндағы ең маңызды жағдай: оқушыларға бастапқы әскери дайындық негізінде отансүйгіштік тәрбиемен бастапқы әскери дайындық мамандығы арасындағы қатынастарды нығайту және жаңарту барысында қоғамдық қажеттіліктерді талдаумен болжай білу. Оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беруде, әскери қызметшілердің жағдайын, іс-қимылын қалыптастыру мен ойдағыдай еңбектенуіне байланысты оның біліктілігі мен қабілеті дами түсетіні, тәрбиенің жан-жақты болуы әрі тәрбие түрлеріне байланысты мүмкіндіктердің жасалуы қажетті дағдыларды меңгеруіне көмектесері сөзсіз. Бұл осы отансүйгіштік тәрбиенің арасында тарихи қалыптасқан жүйенің үзіліп қалған жерін қайта жалғастыруға жағдай жасап, қазіргі кезеңдегі отансүйгіштік тәрбиенің дамуы әскери қызметшілердің жағдайын, іс-қимылын қалыптастырудың негізгі бағыттарын айқындайды.

Оқушылардың бастапқы әскери дайындық негізде әскери қызметшілердің жағдайын, іс-қимылын қалыптастыруды үйрету үшін оның ерекше бейімділігімен қоса отансүйгіштік тәрбие қалыптастыру болып табылады.

Қазақстандық қоғамның құндылықтары және білім беру құндылықтары

